

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2010 жылғы 1 маусымдағы ағымдағы жағдайы**

2010 жылғы 1 маусымда 13 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. 2010 жылғы мамыр айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

13 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 12 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ-да Агенттіктің мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету мен жинақтаушы зейнетақы қорын басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында енгізген уақытша басқару режимі қолданылуда<sup>1</sup>.

Есепті күнде 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ және «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 1 995,6 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 7 809 627 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы мамыр айында 20 124-ке ұлғайды (0,3%), жинақталған зейнетақы қаражаты өз кезегінде 15,6 млрд. теңгеге (0,8%) ұлғайды.

2010 жылғы 1 маусымда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны бұрынғыша 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 25,2%, «МЖЗҚ» – 22,2%, «Ұлар Үміт» – 13,2% және «БТА Қазақстан» – 10,6% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 71,2%-ы келеді. 2010 жылғы мамыр айында 4 қордың үлесі 0,2 пайыздық тармаққа төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы 1 маусымда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,1 млрд. теңгемен 40 077 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы мамыр айында 15-ке азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 93,3 млн. теңгемен 4 072 болды. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2010 жылғы мамыр айында 2 бірлікке азайды, жинақталған зейнетақы қаражаты 0,2 млн. теңгеге (0,2%) ұлғайды.

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты**

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2010 жылғы

---

<sup>1</sup> Агенттік Басқармасының «Қорғау» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысуға берілген лицензиядан айыру туралы» 19.05.2010 жылғы №70 қаулысына сәйкес «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысуға берілген 26.12.2003 жылғы сериясы №0000017 лицензиядан айырылды. Агенттік Төрайымының 19.05.2010 жылғы №124 бұйрығымен «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ уақытша әкімшілігі тағайындалды.

мамыр айында 15,7 млрд. теңгеге (0,8%) ұлғайып, 2010 жылғы 1 маусымда 2 001,1 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі ағымдағы жылдың мамыр айында 30,2 млрд. теңгеге (1,9%) ұлғайып, 2010 жылғы 1 маусымда 1 624,4 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 510,8 млрд. теңге болды. 2010 жылғы мамыр айында «таза» инвестициялық кіріс 10,7 млрд. теңгеге (2,1%) азайды.


Салымшылардың (алушылардың) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 2010 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.09	1.01.10	1.06.10	1.01.10 салыстырғандағы өсім	1.01.10 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 420,5	1 860,5	2 001,1	140,6	7,6
Зейнетақы жарналары	1 184,7	1 488,8	1 624,4	135,6	9,1
«Таза» инвестициялық кіріс	307,0	481,7	510,8	29,1	6,0
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	21,6	25,9	25,5	-	- 0,4 %-дық тармақ

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі жылдың басынан бастап 140,6 млрд. теңгені құрағаны байқалады. Жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 28,1 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 маусымда ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 614,2 млрд. теңге (30,7%), «МЖЗҚ» – 320,1 млрд. теңге (16,0%), «ҰларҮміт» – 280,7 млрд. теңге (14,0%) және «БТА Қазақстан» – 181,5 млрд. теңге (9,1%) немесе жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 69,8%-ы келді.

#### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстап қалмау мен аудармау және

жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау үшін өсімпұл сомасы 2010 жылғы 1 маусымда 11,9 млрд. теңге болды. Мамыр айында өсімпұл 0,1 млрд. теңге (0,8%) болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2010 жылғы 1 маусымда 156,9 млрд. теңге болды немесе мамыр айында 4,3 млрд. теңгеге (2,8%) өсті. Қорлар 2010 жылдың басынан бастап алушыларға жалпы сомасы 24,7 млрд. теңгеге (18,7%) зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 3,5 млрд. теңгеге 1 777 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2010 жылғы 1 маусымда 7,4 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты Агенттіктің сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару мамыр айында 35,1 млрд. теңгеге (4,1%) ұлғайып, 883,7 млрд. теңгені құрады.

### Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі мамыр айында 13,7 млрд. теңгеге немесе 0,7%-ға өсіп, 2 000,3 млрд. теңге болды.

2009 жылғы 1 маусымнан бастап 2010 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 31,7 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу Распределение совокупного объема пенсионных активов

ЗАИБЖАҰ/ НПФ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен

«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы	614 976	30,74
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	325 734	16,28
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	280 579	14,03
«АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	45 154	2,26
"ГНПФ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	320 336	16,01
«БТА Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	179 314	8,96
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ ЕҰ)	124 935	6,25
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	124 935	6,25
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	93 086	4,65
"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	66 646	3,33
"Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры " АҚ	66 928	3,35
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы	59 965	3,00
"Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы "Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	59 965	3,00
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («АТФ Банк» АҚ ЕҰ)	57 134	2,86
"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	50 701	2,53
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	23 613	1,18
"Өрлеу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	16 949	0,85
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	16 949	0,85
<b>Барлық ЖЗҚ бойынша жиынтығы</b>	<b>2 000 318</b>	<b>100</b>

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың мамыр айында 3,8 млрд. теңгеге немесе 0,2%-ға өсіп, 2010 жылғы 1 маусымда 1 957,9 млрд. теңгені құрады.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 45,2%-ын (884,4 млрд. теңге) құрайды және 1 мамырдағы жағдай бойынша осыған ұқсас көрсеткішке қатысты 1,3%-ға немесе 11,2 млрд. теңгеге өсті. 1 мамырдағы жағдай бойынша мемлекеттік емес бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 34,6%-ын құрады (677,5 млрд. теңге).

#### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.05.2010ж.		1.06.2010ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>873 262</b>	<b>44,69</b>	<b>884 422</b>	<b>45,17</b>
ҚР еурооблигациялары	0	0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	727 149	37,21	736 809	37,63
Ұлттық Банктің ноттары	146 113	7,48	147 613	7,54
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>212 023</b>	<b>10,85</b>	<b>196 867</b>	<b>10,05</b>
акциялар	50 398	2,58	50 207	2,56
облигациялар	161 625	8,27	146 660	7,49
<b>Шетел инвестициялық қорларының пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>38 401</b>	<b>1,97</b>	<b>40 651</b>	<b>2,08</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>4 525</b>	<b>0,23</b>	<b>21 930</b>	<b>1,12</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>14 995</b>	<b>0,77</b>	<b>15 802</b>	<b>0,81</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>689 324</b>	<b>35,27</b>	<b>677 505</b>	<b>34,60</b>
акциялар	194 686	9,96	186 582	9,53
облигациялар, оның ішінде:	494 638	25,31	490 923	25,07

шетел валютасында номинирленген	22 116	1,13	23 667	1,21
теңгеге номинирленген	472 522	24,18	467 256	23,86
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>121 942</b>	<b>6,24</b>	<b>121 246</b>	<b>6,19</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>-305</b>	<b>-0,02</b>	<b>-482</b>	<b>-0,02</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>1 954 167</b>	<b>100</b>	<b>1 957 941</b>	<b>100</b>

ҚР эмитенттері техникалық дефолтқа жол берген, жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың үлесі 2010 жылғы 1 маусымда зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 4,3%-ын құрады, бұл абсолютті мән бойынша 86,3 млрд. теңге болды.

### Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

– 2005 жылғы мамыр – 2010 жылғы мамыр кезеңінде - 45,43%. Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті - 43,18% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 62,56%);


– 2007 жылғы мамыр – 2010 жылғы мамыр кезеңінде – 18,91% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 38,61%);

– 2009 жылғы мамыр – 2010 жылғы мамыр кезеңінде – 6,72% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның деңгейі – 7,0%) құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2010 жылғы 1 маусымда алдыңғы айдың көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,56 пайыздық тармаққа азайды;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,40 пайыздық тармаққа азайды;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 2,32 пайыздық тармаққа азайды.

### Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кірісі коэффициенттерінің арақатынасы



### Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 76,8 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 44,3 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 57,7%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 93,8 млрд. теңге болды, жылдың басынан бастап активтер сомасы 11,8 млрд. теңгеге (14,3%) ұлғайды.

2010 жылғы қаңтар-мамыр айларында 5 қор («АМАНАТ Қазақстан», «Атамекен», «БТА Қазақстан», «Қорғау» және «Республика») жалпы сомасы 2,5 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 9 қор жалпы сомасы 5,3 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2010 жылғы 1 маусымда 2,8 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 73,8 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 78,7%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 62,3%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 12,9%, «Кері РЕПО» операцияларына – 2,7% инвестициялады, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 19,0%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 3,1%-ын орналастырды.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.06.10
ЖІӨ млрд.теңге	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	15 887,8	17 534,3*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,2	8,7	9,0	9,4	8,8	11,7	11,4
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,5	6,9	6,7	7,1	7,4	9,4	9,3
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,0	2,1	2,5	2,6	1,9	3,0	2,9
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,1	0,2	0,2	0,2	0,3	0,5	0,4

\* - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжам деректері